



ТУРАН- АУЛЫ

№45
(2216)
Сәрсенбі
29 мамыр
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Қазалыда мәдениет және өнер қызметкерлері күні меркесіне орай «Мәдениет мәңгілік, өнер - өміршең» атты салтанатты шара өтті.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет мәдениет және өнер қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады.

- «Өнер - ұлттың жаны» - дейді халық даналығы. Кез келген ел өнерімен, мәдениетімен танылып, бағаланатыны анық. Қазалы ауданының мәдениетінің тарихы да салмақты, өткені мен келешегі кемел. Бүгінгі таңда ауданда мәдениет саласында 350-ге жуық қызметкер еңбек етіп, рухани дүние тәрбиешісіне айналып отыр. Қасиетті топырақта талай айтулы өнер тұлғалары өсіп-өнді. Қорқыт бабамыздың күңіреніп тартқан күй-сазы, Роза апамыз бен Мәдинаның әуелете айтқан әні, Кеңес Дүйсекеевтің шығармалары



бүгінгі ұрпақтың мәңгі жүрегінде. Осы бір айтулы мереке күні мәдениет пен өнер саласының барша өкілдеріне, әсіресе, мәдениетіміз бен өнерімізді өрістету жолын-

да аянбай еңбек еткен аға ұрпаққа шынайы алғысымды білдіремін, - деді аудан әкімі құттықтау сөзінде.

Мерекелік концерт-мәдениет саласының

ардагері Кенже-Әлі Асқарұлы мен «Кәукей» ауылдық клубының әдіскері Айзада Шамшыраққызына Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ мәдениет саласында елеулі еңбек етіп жүрген бірқатар сала қызметкерлері облыс, аудан әкімінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Алғыс хатымен» және «Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы» бірлестігінің төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты шара халықаралық, республикалық, облыстық байқауларда жетістіктерге жетіп жүрген өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ –БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ



Бала біздің болашағымыз, ертеңгі үміт артатын сеніміміз. Болашақ еліміздің туын тік ұстар, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, бүгінгі күннің басты міндеті. Біліммен жетілген ақылды, парасатты ұрпақты тәрбиелеу баршамызға ортақ міндет.

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың жалпы қоғамның күн сайын атқарып жүрген жұмысы –балаға үлкен сабақ.

Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында облыс

әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес оқу жылының аяқталуына орай, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжіліске Қазалы ауданының прокуратура, аудандық мәслихаттың төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаттары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мекемелер мен кәсіпорындардың басшыла-

ры, кент, қала және ауылдық округтердің әкімдері, аудандық қоғамдық кеңестің, ардагерлер кеңесінің төрағалары, мектептегі ата-аналар комитетінің өкілдері, аудандағы білім беру ұйымдарының басшылары мен мектеп бітіруші сыныптардың жетекшілері қатысты.

- Қай қоғамда болмасын, қашанда ұрпақ тәрбиесі-өте өзекті. Бүгінгі таңда, мемлекет басшысынан бастап ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, білім беруші мен білім алушыға мүмкіндігінше жағдай жасау, сапалы біліммен саналы тәрбие беру бағытында жалпы ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін түрлі шаралар қабылдануда.

Күні кеше ғана аймақ басшысы Нұрлыбек Мәшбекұлының төрағалығымен облысымыздағы білім саласының өзекті мәселелері мен ұрпақ тәрбиесіне қатысты маңызды жиын өтті. Ал, ендігі біздің міндет қоғам болып баланың бойына сапалы біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңірту, балалардың түрлі құқықбұзушылықтар мен зиянды әрекеттерге бармауына жол бермеу бағытында бірлесе, жауапкершілікпен жұмыс істеу,- деді мәжілісте сөз сөйлеген аудан әкімі.

Жиында аудандық прокуратураның прокуроры Алмат Алдабергенов, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Ғани Құрманалиев, аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Болат Жолтаев жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының қарқынды түрде жүргізіліп жатқанын, оқушылардың алдағы жазғы демалыс айларын тиімді ұйымдастыру, мәдени шаралар ұйымдастыру жөнінде баяндады.

Қазалы ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Дарын Әбіш қаралған мәселе бойынша пікірін айтып, құқықбұзушылықтарды болдырмау мақсатында атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

Аудан басшысы оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалануын және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу жөнінде ата-аналармен бірлесе отырып, жұмыс істеу жөнінде бірқатар сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ӨТКІЗІЛУДЕ

«Қызылқұм» ауылдық округінде тазалық жұмыстары ойдағыдай жүзеге асырылуда. Көктемгі санитарлық тазалық жұмыстарына ауылдағы мекеме қызметкерлері мен тұрғындар түгелдей қатысты. Ауыл көшелеріне көшеттер отырғызылып, арықтарға су келіп, жаңадан отырғызылған көшеттер көктеп, көгеруде. 2000-ға жуық жергілікті жердің табиғатына бейімделген қаратал, үйеңкі, сыр талдары егілген болатын.

Тазалық айлығы аясында мекемелердің қоршаулары сырланып, сыртқы қасбеттерін жаңарту жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар, ауылдағы спорт алаңы мен жасыл белдеулер тиісті түстермен сырланды. Және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында 5 бағытқа бөлінген апталықтар өз деңгейінде жүзеге асырылды.

«Кәукей» ауылында жүргізілген тазалық жұмыстары кезінде 445 текше метр қоқыс қалдықтары сыртқа шығарылды. Сондай-ақ, **«Қызылқұм»** ауылдық округінің өзекті мәселесі қоқыс тастауға арналған полигон 2024 жылғы көркейту, көгалдандыру және абаттандыруға бөлінген мемлекеттік қаржы есебінен жүзеге асады деп жоспарланды.

«Аулына қарап, азаматын таны» демекші, көркейту, көгалдандыру мақсатында **«Кәукей»** ауылының мектеп түлектерінің демеушілігімен **«Жастар аллеясы»** салынуда. Қазіргі кезде сыртқы қоршауы жасалып, ағаш көшеттері отырғызылды.

Алдағы уақытта **«Кәукей»** ауылындағы аяқсу айдаһарын насостың көнеріп, жиі бұзылуына байланысты жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, дымқыл және құрғақ қалдықтарды жинайтын контейнерлер сатып алу көзделіп отыр.

Айта кетейік, **«Кәукей»** ауылында **«Ауыл күні»** мерекесі тойланып, тазалық жұмыстарының қортындысында ауылда осы жұмыстарға белсене атсалысқан мекемелер мен ауыл тұрғындары марапатталды.

Биылғы көктемгі тазалық жұмыстары ерекше және өте қарқынды түрде жүргізілді. Науқанда ауыл аймақтар тұрғындары белсене жұмыс атқарды. Соның нәтижесі **«Шәкен»** ауылдық округіндегі ауыл тұрғындарының жұмысынан айқын көрінуде. Көктем айлары басталғалы **«Шәкен»** ауылдық округінде 400-ге жуық тал көшеттері егіліп, қоршаулар сырланып, саялы

ағаштардың түптері әктелді. Әр сенбі сайын өткізілетін апталық жұмыстарына кішкентай баладан, қарт кісілерге дейін атсалысып, өз үлестерін қосуда. Қазіргі таңда ауылдық округтің бас маманы Бексұлтан Сүлейменов ауыл тазалығы үшін жауапты етіп бекітілген. Ол учаскелік полиция инспекторымен бірлесе отырып, ауыл тұрғындарына тазалық сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал, ауыл жастары мен белсенділері әлеуметтік желіде үндеу жариялап, ауыл тұрғындарын тазалық сақтауға шақырды.

Сонымен қатар, **«Өлі разы болмай, тірі байымас»** дегендей, ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлері бірлесіп, ауыл маңындағы қорымдарға тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоршауларын жаңартты. Қазіргі уақытта барлық ауылдарға қарап, күн сайын ауылдардың дамып келе жатқан тұрмыс-тіршілігіне қуана қараймыз.

Туған өлкенің көркеюі мен тазалығы әрбір ауыл тұрғынының қолғабысынан бастау алады.

Сондай-ақ, **«Бірлік»** ауылдық округі де тазалық жұмыстарынан қалыс қалған жоқ. Ауылдық округте санитарлық тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Көктем айлары басталғалы 700-ге жуық тал көшеттері отырғызылып, қазіргі таңда көктеп, көркейе түсуде. Ауыл тұрғындары да үй ауласына, көше беттерге әртүрлі жеміс ағаштарын отырғызуда. Тұрғындар ауыл тазалығын сақтап, дағдыланған сайын ауыл іші де көріктене түсуде.

Тазалық алдымен өзімізден басталатынын ұмытпайық. Ауыл – киелі мекен. Ертеден қадір тұтатын жайлы қоныс. Әр адам қанша жерден қалада туып-өстім дегенмен түп негізі ауылдан. Сондықтан ауылдың көркейіп, ажарлануына көмегіміз мүмкіндігінше лас қоқыс қалдықтарымен ластанауға тырысқанымыз жөн.

Айта кететін мәселе – қазіргі уақытта әр үйде кішкентай балалар бар. Көзімізбен көріп жүрген сол балалардың жөргектерін де кез келген жерге лақтыра салмай, қоқыс пакеттеріне салып, арнайы қоқыс орындарына тастау қажеттігін ескерген жөн.

Сондықтан ел болып атқарып жатқан тазалық жұмыстары үшін аса жауапкершілікпен қарағанымыз дұрыс.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық - халқымызға жат қасиеттің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Міне, осындай жүйелі жұмыстар біздің аулымызда да жан-жақты жүргізіліп келеді. Ал ол өз нәтижесін беріп отыр. Соның кейбіріне тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын.

Өткен жылдарды айтпағанда 2023 жылдың қортындысымен аулымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның бір отырысы өткізіліп, онда ауылдық округ әкімдігіне қарасты мәдениет үйі, балабақша, мектеп, күндізгі емдеу бөлімі, кітапхана қызметкерлерінің іс-шара жоспарларымен атқарылып жатқан жұмыстары, пікірлері тыңдалды.

Сондай-ақ, 2023 жылдың I жартыжылдығы “Жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру туралы” іс-шара

жоспарына сәйкес, құқықтық оқуды өткізудің кестесімен, мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері бойынша 6 оқу сабақтары ұйымдастырылды.

Ауыл жастарын қатыстыра отырып мекеме қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

“Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті”, “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ”, “Сыбайлас жемқорлық - еліне қорлық” тақырыптарында кездесулер ұйымдастырылып, жастар арасында сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда жасалынатын іс-әрекеттер бойынша бүктеме қағаздары үлестірілді. Жалпы, жоғарыда көрсетілген іс-шараларға 25-тен астам оқушы қамтылып, 50-ге жуық сыбайлас жемқорлыққа қатысты бүктемелер таратылды.

Жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа барынша қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округ әкімінің сайтында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері” тақырыбында атқарылған жұмыстар бойынша мәліметтер енгізіліп тұрады. Ауылдық округте орналасқан мемлекеттік органдардың ғимараттарында “Сыбайлас жемқорлық - арам ақша арқылы таралатын індет”,

“1 пара, 2 қылмыскер”, “Біз сыбайлас жемқорлықсыз әлемді қолдаймыз”, “Сенің ар-ұятың қанша тұрады? “Таңдау өзіңде”, “Өз елінің патриоты жемқорлыққа жол бермейді” тақырыптарында азаматтарға арналған жадынамалар мен сенім телефондары (1424) ілінген. Әр мемлекеттік қызметшінің жұмыс орнында “Мемлекеттік қызметшіге сыйлық алуға тыйым салынады” деген ақпараттық постерлер мен арыз-шағымдар жәшіктері орналастырылды.

Ауыл демеушілерінің ұйымдастыруымен ауыл жастары арасында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру” тақырыбында 2023 жылы IV тоқсанда футболдан жарыс ұйымдастырылып, 4 команда арасында тартысты ойын өтіп, барлығы 55 мың теңгенің ақшалай сыйлығы үлестіріліп берілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында баспасөз беттерінде 2 мақала, әлеуметтік желілерде 3 пост жарияланып, халық көп шоғырланған жерлерге, ауыл көшелеріне үгіт-насихаттық мәнде 2 баннер орналастырылды.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес - ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Шын мәнінде жемқорлық - халқымызға жат қасиет. Сондықтанда

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі-осы кереғар құбылыспен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Ал барлық мемлекеттік органдарының мақсаты-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау және жолын кесу, мемлекеттік қызметте реттік пен тәртіпті күшейтуге бағытталған шараларды қарастыру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес мәселесі Қазақстанның мемлекеттік саясатында басым бағыты болып қала беретінін атап өтті.

Сыбайлас жемқорлық – өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Осы бір кереғар құбылыстың алдын алу, жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру, адам бойындағы парасаттылық арқылы жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін қалыптастыру, адамгершілік нормаларын сіңіру бағытында жұмыстар жүргізіле беретін болады.

Абай РЫСТЫҒҰЛ,
Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің әкімі

● Маманның кеңесі

АЗЫҚТЫҚ ҚОСПАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӨЛШЕРІ

Қазіргі таңда азық-түліктің жарамдылық мерзімін созу, өнімнің азықтық құндылығын сақтау үшін әртүрлі азықтық қоспалар қолданылады. Олардың барлығын химиялық зат деуге болмайды. Қоспалардың табиғи түрлері де бар. Олар табиғи көздерден, шөптерден, жеміс-жидектерден, еттен, құстан, ашытқылардан, тағы басқа заттардан алынады. Сондықтан синтетикалық және табиғи азықтық қоспалардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Кез келген химиялық заттың адам ағзасына әсері өзіндік ерекшеліктеріне, оның көлеміне байланысты.

Әрбір азықтық қоспа үшін рұқсат етілген тәуліктік мөлшеранықталады, ал, оның көлемін шамадан тыс арттыру түрлі келеңсіздіктерге әкелуі мүмкін. Азықтық қоспа ретінде пайдаланылатын кейбір заттар үшін мұндай мөлшер салмақтың бір келісіне бірнеше милли-

грамды, ал, басқалар үшін салмақтың келісіне грамның оныншы үлесін құрайды. Оларды мөлшерден тыс пайдаланса, адам ағзасына зиян келтіреді.

Сондықтан кейбір азықтық қоспалар үшін ескертулер қаптамаға жазылуы керек. Мәселен, қант алмастырушылар үшін (сорбит, манит, ксилит, тағы басқа) «Тәулігіне 15-20 грамнан көп пайдалану адамды әлсіретеді» деген ескерту тұруы тиіс. Дәрігерлер «балаларға, қарттарға және аллергиясы бар адамдарға азықтық қоспа қосуға шектеу қою керек» деп кеңес береді. Сонымен бірге, кейбір заттар кумулятивтік, яғни ағзада жиналу қасиетіне ие екендігін естен шығармау керек. Өнімдегі азықтық қоспалардың құрам нормаларын сақтау тауар өндірушіге жүктелген. Осы проблемаларды шешу үшін Кедендік одақтың техникалық регламенті (ТР ТС 029/2012) бекітілген. Ол азық қоспаларын өндіру мен

айналымға жіберу кезіндегі қауіпсіздік талаптарын орнатады. Берілген техникалық регламенттің талаптарына сәйкес, айналымға адам денсаулығына жағымсыз әсер бермейтін және мемлекеттік тіркеуден өткен азықтық қоспалар аз көлемде, технологиялық нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті мөлшерде ғана қолданылуы керек. Сонда ғана азықтық қоспалардың бұзылуына, сапасыз шикізатты немесе дайын өнімді жасуына мақсатында қолдануға жол берілмейді. Консерванттар азықтық өнімдерге олардың микробиологиялық бұзылуы мен жарамдылық мерзімін ұлғайту мақсатында қосылады.

Азықтық қоспаны пайдалану кезінде функционалдық класы мен оның атауы немесе Е индексі көрсетіледі. Мысалы «қышқылдануға қарсы аскорбин қышқылы» немесе «қышқылдануға қарсы зат немесе Е300 индексі көрсетіледі». Кейбір өндірушілер маркетингтік

мақсатта Е әріпті коды бар ингредиенттерді көрсетпейді, олардың аттарын алмастырады, мысалы «натрий глутаматы». Кодтың өзі де әртүрлі жазылуы мүмкін – арасы ашық, сызықша арқылы немесе бірге.

Мысалы: Е 101, Е-101, Е101.

Еуропада рұқсат етілген бірқатар азықтық қоспаларға Қазақстанда тыйым салынған.

Олар бояғыштар Е121 (цитрусты қызыл), Е123 (амарант), консерванттар Е216, Е217, Е240, (формальдегид консерванты), ұн мен нан-ды жақсартушылар Е924а (кальций броматы), Е128 бояғышы (қызыл 2G), Е412 қоюлатушы.

Азықтық қоспалар туралы ақпаратты білу – сапалы өнім пайдаланудың кепілі.

Ж.ЗИНЕЛАБДИН,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Тұрғын үй қорларында өрттің негізгі себебі мынадай: -отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа); -электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу); - пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы; -балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнауы); -өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет: -шұғыл «101» телефонына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; -өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз; -

Өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет: -тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарау. 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек; -тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану; -үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа сақ болыңыздар!

**Қазалы ауданы
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

КОРРУПЦИЯ ШЕКІСПЕЙ, БЕКІСПЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен

қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Әлемдегі бәсекеге қабілетті озық отыз елдің қатарынан орын алуды мақсат тұтқан мемлекетімізде дамудың бір бағыты ретінде сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру міндеті тұрғаны белгілі. Сондықтанда өзімізден бастап жемқорлыққа жол бермейік!

**Ж.ҚҰЛНИЯЗОВА,
Қазалы аудандық
қазынашылық басқармасының
бас-маман бас қазынашысы**

● Маманның кеңесі

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ, ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тамақтан улану жылдың кез келген уақытында болатын жағдай. Уланудың негізгі себебі – азық-түліктің жарамдылық мерзімін және дайындалған тағамның шарттарын дұрыс сақтамау. Естеріңізге сала кетейік, балық, ет тағамдары, майонез және жұмыртқа қосылған салаттар, сүт қосылғандары, ірімшіктің жұмсақ сорттары, ақуыз кремі бар торттар үстелде 4 сағаттан кейін немесе тоңазытқышта 2 күннен артық уақыт тұрса, бүлініп, ауыр улануға себеп болуы мүмкін. Бүгінгі таңда тамақтан улануды тудыратын бактериялардың алты түрі бар:

1. ішек таяқшасы (шикі сүт және толық пісірілмеген ет);
2. моноцитогенді листериялар (шикі жемістер, күс еті, жұмсақ және қатты ірімшіктер);

3. ботулизм (нашар өңделген консервіленген көкөністер мен ет);

4. патогендік клостридиялар (60 градустан төмен температурада дайындалған ет немесе балықта пайда болады);

5. с а л ь м о н е л л а л а р (жұмыртқа, пастерленбеген сүт);

6. стафилококк (тамақ дайындау кезінде жеке гигиена сақталмаған кезде пайда болады).

Қиындықтарға тап болмас үшін келесі негізгі ережелерді сақтау қажет:

• үйде дайындалған тағамдарды сатып алмаңыз, белгіленбеген жерлерде сатылатын дайын тағамдарды пайдаланбаңыз;

• кілегей немесе майонез қосылған дайын тағамдарды,

салаттарды бір тәуліктен артық сақтауға болмайды, туралған, бірақ майонез немесе тұздықпен араластырылмаған салаттарды 2 күн ғана сақтауға болады;

• торттар мен пирожныйлар тоңазытқышта 3 күннен артық сақталмайды;

• үйде мерекелік тағамдарды дайындаған кезде, ең алдымен, гигиена ережелерін сақтаңыз, бөлменің тазалығын қадағалаңыз;

• тамақ дайындау кезінде қолыңызды жиі жуыңыз, қажет болған жағдайда ас үй жабдықтарының бетін сүртіңіз;

• азық-түліктің дұрыс сақталуына назар аударыңыз, шикі және дайын өнімді тоңазытқыштың бір сөресінде сақтамаңыз;

• сонымен қатар, темпе-

ратураны дұрыс сақтау және етті, жұмыртқаны, мерекелік тағамдарға арналған басқа ингредиенттерді қуыру, қайнату кезінде пісіру үшін қажетті уақытты сақтау өте маңызды;

• азық-түлік өнімдерін кесу кезінде шикі және дайын өнімдер үшін бірдей кесу құралдарын (пышақтар, тақталар) пайдаланбаңыз.

Денсаулығыңызға зиян тигізбеу үшін таңдауды талап етіңіз және мұқият болыңыз. Тексерілген өнімдерді сатып алыңыз, олардың жарамдылық мерзімін, сақтау шарттары мен пісіру ережелерін сақтаңыз!

**А.ЖЕТКЕР,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.